

**"Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс, Түркістан қалалары мен Сарыағаш, Отырар, Шардара, Мақтаарал аудандары аумақтарында карантиндік аймақ белгілеу туралы" Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 137 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 119 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 мамырда № 3179 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 10 шілдедегі № 182 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 10.07.2017 № 182 қаулысымен (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңының 9-1 бабының 3) тармақшасына және 14-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясының 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 03-03/1547 ұсынысы негізінде Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 137 "Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс, Түркістан қалалары мен Сарыағаш, Отырар, Шардара, Мақтаарал аудандары аумақтарында карантиндік аймақ белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 2075 болып тіркелген, 2012 жылдың 31 мамырында "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының атауы келесі мәтіндегі жаңа редакцияда жазылсын: "Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс, Түркістан қалалары мен Сарыағаш, Отырар, Шардара, Мақтарал, Сайрам, Ордабасы, Бәйдібек аудандары аумақтарында карантиндік аймақ белгілеу туралы";

1 және 2-тармақтарындағы: "Мақтаарал" деген сөзден кейін "Сайрам, Ордабасы, Бәйдібек" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Қ.Тұяқбаевқа жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*А.Мырзахметов*

*Б.Оспанов*

*Б.Жылқышиев*

*С.Қаныбеков*

*Е.Айтаханов*

*Е.Садыр*

*С.Тұяқбаев*

*А.Абдуллаев*

*Р.Исаева*

Облыс әкімдігінің 2015 жылғы  
"22" сәуірдегі № 119 қаулысына  
қосымша

**Арыс, Түркістан қалалары мен Сарыағаш, Отырар, Шардара, Мақтарал, Сайрам, Ордабасы, Бәйдібек аудандары аумақтарындағы ауыл шаруашылығы алқаптарындағы карантиндік аймақ**

№	Қала және аудан атауы	Карантиндік объекті атауы	Көлемі, гектар
1	Арыс	қауын шыбыны	545
2	Түркістан	қауын шыбыны	226
3	Сарыағаш	қауын шыбыны	400
4	Отырар	қауын шыбыны	514
5	Шардара	қауын шыбыны	421
6	Мақтаарал	қауын шыбыны	812
7	Сайрам	жеміс ағаш күйігі	5,3
8	Ордабасы	қауын шыбыны	85
9	Бәйдібек	қауын шыбыны	10
	Жиыны		3018,3